

Әйтеке би ауданы Талдысай ЖОББМ қамқоршылық кеңесі отырысының
хаттамасы
№1 хаттама

Талдысай ауылы

30.01. 2024 жыл

Қатысқаны-

Жуламанов Б.А –кеңес төрағасы

Мукашева К.С- хатшы

Кеңес мүшелері:

Сарсенова Р.А

Шынбергенова К.К

Мамбетова Г.Б

Жанибек А.В

Ермухамбетова Д.Н

Итешев М.И

Калиева А.Н

Ерахмет А

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Қ.Р Оқу-ағарту министрінің 01.03.2023 № 56 Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастырудың типтік ережелерін зерделеу
2. 2024 ж Қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің тізбесін қалыптастыру, мүшелеріне атқаратын қызметтерді бекіту. 2024 жылға арналған «Қамқоршылық кеңесінің» жұмыс жоспарын бекіту.

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша: Жуламанов Б.А–кеңес төрағасы

Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңесі – білім беру ұйымын алқалы басқару нысандарының бірі. Қамқоршылық кеңесі дегеніміз – білім беру ұйымына бюджеттен тыс қаржы құйылуын қамтамасыз ететін және оның ұйым мен оқушылар қажеттігіне жұмсалуды ашық түрде жүргізетін заңнама тұрғысынан сауатты құрылған пәрменді құрылғы. Қамқоршылық кеңес өз жұмысында Қазақстан Республикасының білім беру саласын қаржыландыруда ұстанатын нормативтік-құқықтық құжаттарын басшылыққа алады.

Қамқоршылық кеңесінің ережесінде (*БЖСМ 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген*) Бұйрық 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 № 56 қамқоршылық кеңес мектеп қорына түскен демеушілік және т.б. қаражаттың білім алушылар (*оқушылар*) мен олардың ата-аналарының сұрақ-талаптарын ескере отырып, тәрбие және білім беру үдерісінің дамуына; білім беру ұйымындағы білім алушыларға және тәрбиеленушілерге әлеуметтік қолдау көрсетуге; ұйымының материалдық-техникалық базасын жетілдіруге; спортты дамытуға, дарынды балаларды қолдауға; мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс білім беру процесін ұйымдастыруға қаралып, шығыстарының мақсатты жүзеге асырылуын коллегиялды түрде басқарады деп, көрсетілген.

2-мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесті тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган құратын комиссия (бұдан әрі – Комиссия) сайлайды.

Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі 3 (үш) жылды құрайды. Әйтеке би ауданының білім бөлімінің 30.10.2023ж № 465 кеңес құрамы бекітілгенін айтты. 2024 жылдың жұмыс жоспары талқыланып, бекітілді.

Жарыс сөздер:


- Шынбергенова К.К
2024 жылға құрылған жұмыс жоспарына сай қамқоршылық кеңес мүшелерінің мектеппен бірге жұмыс жасаған кезде нәтижелі жұмыс болатынын айтты.

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қамқоршылық кеңестің нормативтік –құқықтық құжаттары басшылыққа алынсын.
- 2..Қамқоршылық кеңестің 2024 жылға арналған жұмыс жоспары жүйелі жүргізілсін.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



Жуламанов Б.А

Мукашева К.С

Кеңес мүшелері:



Сарсенова Р.А

Шынбергенова К.К

Мамбетова Г.Б

Жанибек А.В

Ермухамбетова Д.Н

Итешев М.И

Калиева А.Н

Ерахмет А